

**АЛҚА МӘЖІЛІСІ
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ****ҚАРҚАРАЛЫ Өңірінің Археологиялық Ескерткіштері**

Жауымбаев С.У., т.ғ.к., профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстанның әр аймағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу үшін кешенді ғылыми қазбалар жүргізілуде. Сонымен қатар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласында ежелгі металл өндірудің тарихи маңыздылығы ерекше көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда мақаланың тақырыбы өзекті болып саналады. Өйткені ерте заманнан бастап, Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісі шоғырланған. Осы аймақтардаарнайы пештерде қола, мыс, мырыш, темір тағы басқалары қорытылған.

Ұлы дала елін мекендеген біздің ата-бабаларымыз, өзіндік дала өркениеті технологиясы негізінде неғұрлым берік металдар өндіру ісін білген. Қарқаралы өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қоладан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары соны дәлелдейді. Сондықтан да осы мәселеге көптеген археолог ғалымдар арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбектерін жазды.

Орталық Қазақстан, оның ішінде Қарқаралы өңірі түсті және қара металлдарға бай өлке, қола дәуірінен бастап мыс, қалайы металлдарын балқытқан орталықтардың бірі. Бұл өңірді адам баласы палеолит дәуірінен бастап мекендеген. Ал, қола, ежелгі темір дәуірлерінде халықтың тығыз орналасқан орталықтарының бірі болды, оған дәлел бізге дейін бұзылмай келіп жеткен жүздеген археологиялық ескерткіштер.

Негізгі бөлім

Қарқаралы өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді ғылыми түрде зерттеуді шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең 1946 -1960 ж.ж.

Екінші кезең 1960-1980 ж.ж. соңы

Үшінші кезең 1991 жылдан бүгінге дейін

Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуге қызығушылық Патшалық Ресей кезеңінен бастау алатыны ол тарихи шындық. Әсіресе орыс шығыс зерттеушілерінің осы аймаққа қызығушылығы үлкен болды. Солардың бірі В.В. Радловтың «Сибирские древности» деген еңбегінде Қарқаралы өңірінің кен орындары туралы айтылады. Әсіресе оларды қызықтырған Қарқаралыдағы бүгінге дейін сақталған будда храмы Қызыл кеніш сарайы болды. Бұл жайлы алғашқы мәліметтерді А.Левшин, Г.Броневский, Н.Коншин, В.Никитин, А.Чулошников және тағы басқалары өз еңбектерінде жазған. 1825 жылы генерал С.Броневский Сарайдың жанында алғашқы археологиялық қазба жұмыстары барысында бағалы тастардан жасалған заттар тапқан. Сонымен қатар бұл өңірдегі археологиялық ескерткіштердің көптігіне қызыққан шығыстанушы Н.Коншин де өзінің «Павлодардан Қарқаралыға дейін» атты мақаласында: «Сарайдың қираған жерлерінде ақ балшықтан жоғарғы жағы кеңейтіліп жасалған құмыралар табылды және олардың ішінен бидай дәні әрдайым кездеседі» [1;127-153], – деп жазады.

Қазақ даласының тарихын, этнографиясын, археологиясын ғылыми тұрғыдан зерттеу 1946 жылы ҚазақССР Ғылым академиясының ашылуымен байланысты. Соның ішінде Орталық Қазақстанның Қарқаралы өңірінің археологиялық ескерткіштері туралы орыс шығыстанушылардың рухани мұрасын жақсы білген, Әлкей Хақанұлы Марғұлан осы ғылыми жұмыстың бастауында тұрды. Ә.Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қола дәуірінің Қарқаралы қаласы маңындағы Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарын қазып, ол қоныстардың б.ғ.д. XII – X ғасырларға жатады деп тұжырымдаған [2; 215-225].

Ә.Х. Марғұлан Қарқаралы өңіріндегі қола дәуіріне жататын Қарқаралы қонысының маңына ғылыми-экспедициялық барлау жүргізіп, бірнеше қоныстардың бар екендігін анықтап, 1955 жылы олардың жобасын сызып, қағаз бетіне түсірген. Соның нәтижесінде осы қоныстарға 1962 жылы қазба жұмыстарын жүргізу барысында, үш үйдің орны зерттелді. Сол қоныстардың бірі осы жылы

Суықбұлақ қонысы да қазылып зерттелді. Әлкей Марғұланның пікірінше, бұл қоныс Қарқаралы қаласынан 2-2,5 км. жерде Суықбұлақ өзенінің бойында орналасқан. Қоныстың үйлері өзеннің бойына ұзыннан орналасып, бір шеті тау беткейіне дейін созылып жатыр. Орман шаруашылығының тоғайдың шетін өрттен сақтау үшін жыртатындығынан қоныстың мәдени қабаттары бүлінген. Ә.Марғұлан бүлінбеген екі үйдің орнына ғана қазба жұмыстарын жүргізгендігін жазады. Қазба жұмыстарының нәтижесінде үйлердің арасынан металл балқытқан пештің қалдығы табылған. Оның көлемі 1,30x1,25 м, тереңдігі 18-20 см. Пештің қабырғалары іш жағынан таспен қаланған, іші ағаш көмірдің күліне толы. Пештің жан-жағында, қоныстың мәдени қабаттарында темір рудасының, оның балқыған шлактарының қалдықтары, тастан жасалған еңбек құралдары жиі кездесетіндігін өзінің «Древняя культура Центрального Казахстана» еңбегінде жазады [3,245]. Қоныстан шыққан қыш ыдыстарының өрнектеріне, үйлердің конструкциясына қарап, Ә.Марғұлан Суықбұлақ қонысын қола дәуірінің өзі зерттеген және оны Беғазы – Дәндібай мәдениеті деп атаған кезеңге жататындығын айтады. Сонымен қатар академик Ә.Марғұлан XX ғасырдың 60-жылдарында өлкетанушы Л.Ф.Семеновпен бірге қайтадан Суықбұлақ, Қарқаралы 1-2 қоныстарын, Еңбексүйгіш, Нарбас молаларын да зерттеген.

1946-1960 жж. арасындағы Қарқаралы өңірінің ескерткіштерінің тас дәуірі әлі толық зерттелмеген. Соған байланысты бұл дәуірге арналған археологиялық ғылыми еңбектер де аз.

Қарқаралы өңірінің археологиялық ескерткіштері жоспарлы түрде 1980 жылдардан бастап Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдарының басшылығымен зерттеле бастады.

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің археолог ғалымдары қазба жұмыстарын жүргізді.

Экспедиция жетекшісі профессор В.В. Евдокимов болды. Соның құрамында болған жас археолог А.Ю.Чиндин Домалақ тас, Акимбек тұрақтарындағы мезолит және энеолит дәуірлерінің ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысы барысында неолит дәуірінің Нұркен ауылынан солтүстікке қарай 6 км. Жарлы өзенінің бойында жатқан Жарлы және Иманқұм тұрағын қазған. Жарлы тұрағынан көптеген шақпақ тастардан еңбек құралдары, ішінде садақтың жебелері және қырғыштар табылған. Иманқұм тұрағынан 20-дан астам шақпақ тас құралдар табылды, оның ішінде дөңгелек тәріздес нуклеус, тас балта, қырғыштар, т.б. еңбек құралдары шықты. Сонымен қатар археологтар Аштас ауылының солтүстік-шығысында орналасқан Ақбай-Қызылбай тұрағын қазып, одан оннан астам шақпақ тастан жасалған еңбек құралын тапқан. Осы ғалымдардың келесі қазған нысаны – Қасым Аманжолов ауылының солтүстік-шығысындағы Ақжайлау жеріндегі Қасым тұрағы. Бұл тұрақтан да оннан астам шақпақ тас еңбек құралдары шықты. Ол бұдан басқа Кент ауылынан шығысқа қарай 1 км. жерде орналасқан Кент тұрағында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде шақпақ тастан жасалған еңбек құралдары табылды [4;153].

Жалпы Қарқаралы өңірінің шақпақ тастан жасалған еңбек құралдары палеолит дәуірінің мустье кезеңінен бастау алып, неолит, энеолит дәуірлерінің ескерткіштерімен аяқталады.

XX ғасырдың 80 жылдарында жақсы зерттелген қола дәуірінің алғашқы кезеңіне жататын ескерткіштің бірі – Нұртай зираты, ол Қарқаралы ауданының Талды елді мекенінің солтүстік батысқа қарай 5 км. қашықтықта орналасқан. Осы аймақтан 22 қорғанның орындары табылып, олардың 16-сына қазба жұмыстары жүргізілген.

Қорғандардың диаметрі 10 – 16 м, биіктігі 0,3 – 0,7 м., жан-жағын үлкен қалақ тастармен қоршаған. Адамдарды бүктетіліп тас жәшіктердің ішіне жерлеген, бас жағынан 1-3 қыш ыдыстар кездеседі, одан басқа қола пышақтар, садақтың ұштары, біз, қоладан жасалған әшекей бұйымдардан браслеттер, алқалар, моншақтар, сүйектен жасалған заттардан ұршықтың бастары, тістен жасалған моншақтар, асықтар табылған.

Қарқаралы өңіріндегі қола дәуірінің тағы бір ескерткіші Сатан зираты, ол Қарқаралы ауданындағы Қасым Аманжолов ауылының солтүстік батысында орналасқан. Ескерткіш Талды өзенінің жағасында ұзынынан тізіле орналасқан, жалпы саны 16. Қазба жұмысы 6 қорғанға ғана жүргізілді, қорғандардың диаметрі 8 – 13 м., биіктіктері 0,6 – 1,15 м., жан-жағы қалақ тастармен қоршалған. Қазба жұмысы кезінде қорғанның астынан көлемі 3,8x 3,9x2,0 м., тереңдігі 1 – 1,37 м. жерлеу алаңдары анықталған.

Жерлеу алаңының ішіндегі адамның қасында қыш ыдыстармен, қола әшекей бұйымдармен қатар ағаштан жасалған арбаның қалдығы шықты. Арбаның тертесімен қосқандағы ұзындығы 270-300 см., қалқанының көлемі 120x90 см.; арбаның жерден биіктігі 50-55 см. Бұл Қазақстан территориясында сирек кездесетін заттай дерек, ғалымдардың болжауынша б.ғ.д. XVII-XVI ғасырларға жатады.

Археологтардың болжауынша бұл өңірде қола дәуірінің орта кезеңіне дейін жататын ескерткіштер: Нұркен, Қопа, Қопа-1, Алтынөзек, Еңбексүйгіш, Бозінген.

Қорғандардың көбі ерте заманда тоналған, дегенмен қоладан жасалған аттың тағалары, қола моншақтар, сүйек садақтың оқтарының ұштары, көптеген қыш ыдыстар шықты.

Қарағанды университетінің археологиялық экспедициясының ғылыми-зерттеу жұмысының барысында Қарқаралы ауданының Н. Әбдіров ауылынан солтүстікке қарай 4 км. жердегі қола дәуірінің Қопадеп аталатын зиратының орнына В. Евдокимов қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмысының барысында тас жәшіктердің ішіне адамдар бүктетіле жерленгендігі, адам сүйегінің қасында қыш ыдыстармен қатар қоладан жасалған әшекей бұйымдар: білезік, сақиналар, сүйектен жасалған моншақтар, жебелер, т.б. заттар кездеседі.

Қарқаралы ауданының Кент ауылының шетінде, Байшұра өзенінің жағасында Еңбексүйгіш деген жердің атымен аталатын зират бар. Бір ерекшелігі осы жерде үш дәуірдің - қола дәуірінің, ежелгі темір ғасырының және орта ғасырлық қорғандар мен ескерткіштері бірге кездеседі. Олардың көлемі 5 гектар жерді қамтиды. Осы жерде қола дәуірінің 8 қорғанына қазба жұмыстарын жүргізілген. Қазба жұмысының нәтижесінде қорғанның сыртын көлемі 2,25-4,75-1,5x3,8 м тігінен қойылған тас плиталармен қоршағандығы анықталды. Ортасында тас жәшік, ішінде бүктетіле жерленген адамның мүрдесі жатыр. Оның бас жағында сырты геометриялық өрнек салынған қыш ыдыстар, қоладан, сүйектен және тастан жасалған еңбек құралдары, әшекей бұйымдар.

XX ғасырдың 80-жылдары Қарағанды мемлекеттік университеті археологтарының қазба жұмыстарының барысында Қарағаш, Донғал, Дермен, Қоштан, Қопа, Әкімбек, Донғал, Домалақтас қоныстары қазылды [5; 76].

Қарқаралы өңіріндегі белгілі Қызылкент шатқалында Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын 12 ескерткіш бар. Солардың ішінде жүйелі түрде зерттеліп келе жатқан Кент қонысы. Оның көлемі 30 га. жерді алып жатыр. Осы алаңда 100-ден астам үйдің орны кездеседі. Ғалымдардың болжауынша Кент қонысының өзінде 1500 адам тұрған.

Негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егіншілік, сонымен қатар сүйектен, тастан еңбек құралдарын, әшекей бұйымдар жасайтын шеберханалардың орындары кездеседі.

Кент қонысының ішіндегі үйлердің арасында, өзенге жақын жерлерде үлкен тас қоршаулар кездеседі, осындай қоршаулар саны үшеу, біріншісінің көлемі 60 x 48 м., екіншісінікі – 58 x 20 м, үшіншісінің тастары әр жерлерінде ғана сақталған. Қазіргі сақталған биіктігі 0,5-0,9 м, ал кезінде қандай биіктікте болғандығы белгісіз, себебі бұл ескерткіштің тастарын жергілікті тұрғындар құрылысқа тасып алып кеткен.

Қазба жұмысының барысында табылған сүйектерді зерттеу нәтижесінде 48,8% қой-ешкінің үлесіне тиеді, 26,5% сүйек сиырдың, ал 21,2% жылқының сүйектеріне тиесілі. Егін шаруашылығының болғандығын дәлелдейтін еңбек құралдарынан қола орақтың, пышақтың және тастан жасалған түрендердің ұштары, диірмендер, келі-келсаптар, үккіштер, т.б. еңбек құралдары болғандығы дәлелденді.

XX ғасыр 80-жылдарының аяғынан бастап Ә. Марғұлан атындағы археология институтының А. Бейсенов басқарған «Сарыарқа» деп аталатын археологиялық экспедициясы Қарқаралы өңіріндегі ежелгі темір дәуірінің ескерткіштерін кешенді зерттеді. Солардың ішінде Нүркен-2 қорғаны. Ол Нүркен ауылынан оңтүстікке қарай 10 км. жерде, Қарқаралы-Бейбітшілік автожолының бойында жатыр. Ең үлкен қорғанның диаметрі 41 м, биіктігі 4,3 м. Қорғанның тастан, балшықтан тұрғызылған үйіндісінің астында көлемі 2 x 2,2 м. жерлеу камерасы шықты. Жерлеу камерасына кіретін 15 м. дәліз-домыс бар, ені 0,7-1 м., көлемі 0,9-1 м., үлкен қалақ тастардың тігінен қойылған тізбегінен жасалған. Жерлеу алаңынаншамамен 40-50 жастарда екі адамның сүйегі табылған. Қорғаннан аттың үстінде, басында шошақ бөркі бар сақ жауынгері бейнеленген қоладан жасалған белдіктің тоғасы табылған [6; 173-199].

2000 жылдан бастап археолог А. Бейсеновтың басшылығымен ежелгі темір дәуірінің қоныстары кешенді зерттеле бастады. Соның нәтижесінде Қарқаралы өңірінде 30-дан астам ежелгі темір дәуірінің қоныстары бар екені анықталды. Солардың бірі 10 мың кв. м. алаңды алып жатқан Сарыбұйрат қонысы. Қоныс шағын үйлерден және оны қоршаған шаруашылық алаңдарынан тұрады. Үйлердің қабырғалары биіктігі 0,5-1 м., тастардан қаланған [7; 16-20].

Сонымен қатар ғалымдар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын Керегетас және Едірей қоныстарында жүргізді. Соның бірі, Едірей қонысының 170 кв. м. ауданы және Керегетас қонысының 256 кв. м. көлемдегі мәдени қабаттарын қазба жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде қоныстардан негізінен қыш ыдыстардың сынықтары, жер жыртатын тас соқаның ұштары, диірмен, дән үккіштер, тас балғалар табылды.

Ғылыми жұмыстың келесі бір сатысы сақ заманының 7 үлкен қорғаны Талды-2 қорымының қазылуы болады. Қорғанның диаметрлері 30-35 м., биіктігі 2-3,5 м., 7 қорғанның алтауы жерлеу

орындары, ал жетінші қорған, сол ортаның ас беріп, діни-ғұрыптық рәсім өткізетін орны болған деп болжайды. Осы зерттеу жұмыстары барысында №5 қорғанда 30-35 жастағы ер адамның және 50-55 жас шамасында ер адам мен әйел жерленгені анықталды. Осы қорғаннан екі жүзге жуық ірі алтын әшекейлер, жиырма екі мыңнан астам ұсақ алтын әшекей бұйымдар табылды. Аң стилімен құйып жасалған бұйымдар кісе белдіктерге, портупей қайыстарға, киімдерге тігіліп жапсырылған, ал мыңдаған ұсақ түйіршік алтындар шалбардың балақтарымен камзолдың өңірлеріне тігінен жапсырылған.

Қарқаралы өңірінде ұзақ уақыттан бері кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары Қарағанды қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 280 км. қашықта Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында орналасқан Алат металлургтер қонысында жүріп жатыр. Қоныс Кент тауы мен Байшора өзеннің арасында орналасқан, үйлері бір шақырым жерге дейін созылып жатты. Сырт қарағанда диаметрі 10 м. асатын қатар-қатар орналасқан үйлердің орындары үш топқа бөлінген, әрбір топтағы үйлердің арасы 150-200 м. Соңғы он жыл ішінде осы топтың Алат-2 және Алат-3 тобындағы үйлердің орындары қазылды. Алғашқы қазба жұмысы 1991 жылы басталды. Ал 2004 жылдан бастап, С. Жауымбаев және В.Евдокимовтің басшылығымен кешенді қазба жұмысы бүгінге дейін жүргізіліп келеді [8; 34-39].

Қазба жұмысының нәтижесінде Алат қонысы негізінен металлургтер мекендеген деп тұжырым жасалды. Мәдени қабаттың қалыңдығы 1-1,2 м. және екі мәдени қабаттан тұрады, төменгі мәдени қабатында мысты қорытқан пештердің орындары, мыс рудалар, қоладан, сүйектен жасалған еңбек құралдары шығуда, ал жоғарғы мәдени қабаттан темірді балқытқан күрделі пештер, рудалар, қола заттар табылуда, бір айта кететін мәселе екі мәдени қабаттан да шығып жатқан қыш ыдыстардың сынықтары б.ғ.д. XIII-IX ғасырларға жатады, яғни Беғазы-Дәндібай кезеңіне сәйкес келеді.

Қоныстың шығыс шетінде өндірістік металлургиялық алаң орналасқан. Стратиграфиялық жағынан екі құрылыс қабаты бөлінген. Төменгі алаң қола құю өндірісіне арналған (мәдени қабаты жер бетінен 0,5-1 м деңгейде), жоғарғы шамамен темір және жартылай қола өндіруге арналған (мәдени қабаты 0,4-0,45 м деңгейге дейін).

Қазба жұмысының барысында тұрғын үйдің орнынан №1 қола балқыту пеші табылды. Пеш қабырғаларының қалыңдығы 2 см болатын қызыл түсті саз балшықпен сыланған, түбінің қалыңдығы 2-3 см. Жоғары мәдени қабаттан осындай мысты қалайымен қосып балқытқан 5-пештің орны табылды.

2016 жылы археологиялық қазба жұмысының барысында Алат қонысынан темір балқыту пешінің қабырғалары анықталды, оның жанында темір кені, темір шлактар және керамикалық шүмектер табылды. Археологиялық жұмыстарға тікелей қатысқан жапондық археолог ғалым, профессор Я. Муракамидың тұжырымдамасы бойынша пеш эллипсоидтық пішінге ие, пештің диаметрі шамамен 30 - 40 см, ал тереңдігі шамамен 30 см. Пеш қабырғалары үшбұрышты және тастармен қапталған. Пештің шыға берісінде жерден жасалған эллипсоидтық өндірістік шұңқыры бар. Пеште, сондай-ақ өндірістік шұңқырдан, темірдің кішкентай кесектері, шлактар, кендер, жануарлардың сүйектері табылды. Сонымен қатар, пештің жанында кен сынықтары мен шлактар табылды.

Пеш темір балқыту үшін арнайы жасалған. Пештен шыққан шлактарды және оның айналасында жатқан рудаларды Жапонияның Осака қаласындағы арнайы талдауға жіберілді. Оның нәтижесі төмендегідей:

1. Алат қонысының пештерінен табылған темір мен шлак кесектері балқытылған шлак емес, тазартылған (қайта өңделген) болып табылады. Яғни, бұл пеш басқа пеште балқытылған темір кесектерін өңдеу үшін қолданылды. 2. Шлактарда темір құралдарының фрагменттері табылды. 3. Шлактардың ішінде сульфиттер ((Mn*Fe) S) анықталған, оның құрамында мысты тазарту кезінде екінші рет қолданылған темір бар екені анықталған. Осылайша, табылған заттардың құрамын талдау нәтижесінде, осы балқыту пешінде материал ретінде пайдаланылатын темірдің кішкентай фрагменттері мыс өндіруге арналған қоспа болып табылғандығы анық болды. Кеннен мысты балқыту үшін темірді қосып, қорытқан. Бұл жағдайда мыс дайындау процесі айтарлықтай жеңілдетіледі. Темір фрагменттері өндіріс үшін қосалқы элемент болып табылады [9; 14-32].

Осылайша, Алат тұрағындағы пеш темір рудасы мен темір фрагменттерін балқытуға қызмет етті. Осы тұрғыдан алғанда Алаттағы металлургиялық пештің маңызы үлкен. Өйткені әлемдік археология ғылымында осындай технологиялық жолмен мыс қорыту процесіне темір рудасын қосудың мысалы Израильде Тимп Вэлли тұрақтарынан табылғандығы тіркелген. Тимп Вэллиде де мыс қарулардың құрамында темір фрагменттері көп мөлшерде табылған. Сондықтан Алат қонысындағы ежелгі тұрғындар бұдан 2000 жыл бұрын Таяу Шығыста – Израильде пайда болған металл өндіру технологиясы сияқты технологияны жақсы білген деп қорытынды жасауға болады. Осыған орай Алат

тұрағындағы археологиялық қазба кезінде табылған металлургиялық пешті Орталық Азиядағы темір өндірісі технологиясының тарихын түсіну үшін өте маңызды деп айтуға болады.

Сонымен қатар Алат қонысындағы пештің маңынан табылған жануарлар сүйектеріне Жапониядағы Эхеме университетінің зертханасында радиоуглеродтық анализ жасалған. Талдаудың нәтижесінде Алат қонысының жасы б.з.д. XIII ғ. жатады деген қортындыға келдік.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының археологиялық ескерткіштерін зерттеу барысында аймақта жүзден аса ескерткіш бар екені анықталды. Бұл өлкеде адам баласы ежелгі заманнан – палеолит, мезолит, неолит дәуірінде мекендеген. Ежелгі тұрғындар қола дәуірінде осы аймақтың жер бетінде мольнан кездесетін мыс кенінің тотыққан түрін және қалайы т.б. металлдарды балқытқан арнайы қоныстары анықталды. Оның себебі, Кентөбе, Ойлысай сияқты тотыққан темір кендерінің жақын болуы б.ғ.д. XIII-IX ғасырлардың өзінде ежелгі адамдар темірді балқытуды білген, оның дәлелі Алат, Сарыбұлақ, Қарқаралы т.б. қоныстардағы пештердің орындары.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М. Творцы и свидетели истории Каркаралинска: Монография. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2014. – 354 б.
2. Маргулан А.Х. Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979 г.
3. Маргулан А.К., Акишев К., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алматы «Издательство Наука», 1966 г. – 434 б.
4. Евдокимов В.В. Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана. – Алматы, 2000 г.
5. Варфоломеев В.В. Кент и его округа. // Степная цивилизация Восточной Евразии. Т. 1. Астана, 2003 г.
6. Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Бейсенов А.З. Работа на могильнике Нуркен-2. // В сборнике: Историко-культурное наследие Сары-арки. Караганда, 2007 г. с.173-199.
7. Бейсенов А.З. Сарыарқа – далалық өркениеттің алтын бесігі. – Алматы, «Technology of Imaging», 2011. – 32 б.
8. Орталық Қазақстанның үлкен металдың қайнар көзі /Истоки большого металла Центрального Казахстана. – Қарағанды: «Tengri Ltd» ЖШС. – 2019. – 128 б.

ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ САҚА-ҒҰН ҚАУЫМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫ

Алпысбес М., т.ғ.д., профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Зейнуллахабдин Н., гуманитарлық ғылымдар магистрі

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазақ елінің тарихы жат жұрттықтар тарапынан жазылуына орай, тарихымыздағы жазылуға тиіс кезең-кезеңімен үндесіп жатқан көркем тарихымыз шұбарланып бұлыңғыр, өткен тарихтағы ұлылықты кей тұста шарасыз мойындап жазылған тарихымыз ұсынылды. Осының арқасында тас дәуірінде қазақ даласында алғашқы адамның іздері пайда болған, тағы ғұндар ұлан ғайыр аймақты иемденген екен деген сарында «бір шындықты түйе отырып кемсіте көрсетіліп жазылған» тарихымыз күні бүгінге шейін өміршен болып отыр. «Қазақтың түпкі» тарихын қайта қарау – тарих алдындағы міндетіміз деп білеміз.

Еуразия кеңістігінің ұлан ғайыр аймағын иемденген, тарих беттерінде арий-тур, кейінен сақ(сақа)-һун атауымен әйгілі болған юэчжий одағы болып танылған екі этникалық топтың бірігуі негізінде билеуші топ ашина-үйсін әулеті мен сюнну атауымен әуелде әйгілі болған түркі жұрты – мұғол-татарлар туралы баян етуді мақсат еттік. Ел тарихының түптікия кезеңі фольклор мәліметтерінде де және жазба деректерде де айқын сипат тапқан деп білеміз.

Ғұн, сақ (үйсін, қаңлы) кезеңдерін қытай деректері негізінде зерттеу жүргізген шығыстанушы Ю.А. Зуевтың еңбегінің төңірегінде шежіре деректермен талдауды мақсат еттік. Осылайша өткен тарихымыз жүйелі тұрғыда шежіре желісімен үндес болып, әрі көңелігін нұсқап жарқырай түседі.